

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША 2 СЫНЫПТА «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2 «Д» сынып мұғалімі Досанова Салтанат Болатовна

№30 ЖББ мектебі, Жәйрем кенті, Қазақстан

«Әдебиеттік оқу» пәні бастауыш сыныптарда негізгі пәндердің бірі болып табылады. Бұл пән – бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық және қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға, олардың адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөз өнерін сезінуге, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі пәндердің бірі. Осы пәнді оқу барысында бастауыш сынып оқушылары әлем туралы, жалпы адамзат туралы білімдерін кеңейтеді. Сонымен бірге берілген шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына, сөйлеген сөзіне талдау жасай отырып, адамдардың жан-дүниесін түсінуді және оған өз көзқарасын білдіруді үйренеді. «Әдебиеттік оқу» пәнін оқи отырып, бастауыш сынып оқушысының:

- көркем шығармалар арқылы бойында ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерінің үйлесімді дамуына;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем әдеби шығармаларды оқып-талдау арқылы қазақ тілінің бай эстетикалық мұрасымен танысуына;
- әдеби шығармалар арқылы қазақ ұлтының мәдениетін, тарихын меңгеруіне, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамының қалыптасуына;
- әдеби мәтіндердің жанрын, стилін, құрылымын, тақырыбын, тілдік және баяндау ерекшеліктерін ажырата білуіне;
- отандық, әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен танысуына;
- сын тұрғысынан ойлау дағдысының дамуына;
- оқу сауаттылығы мен шығармашылық жазу тілінің дамуына ықпал етеді.

«Әдебиеттік оқу» пәнінде берілген тақырыптар мазмұнына зер салсақ, олардың оқушыларды қазақ және әлем балалар әдебиетінің түрлі жанрдағы көркем

шығармаларымен таныстыруға, олардың оқу дағдылары мен оқырмандық біліктілігін қалыптастыруға, әдеби-эстетикалық талғамын жетілдіре отырып, ізгілікті-елжанды жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталады. Атап айтсақ, 2 сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәнінде берілген Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба», «Алғаш рет мектепке келген күнім», А.Байтұрсыновтың «Мен қалай мектепке оқуға бардым?», «Кітап оқи аламын», Б.Момышұлының «Ұяда не көрсең...», «Жаңалыққа құмармын», Ж.Аймауытовтың «Кітап оқу», «Менің сүйіп тыңдайтын әндерім» атты шығармалары дәл осындай мақсаттарды орындауға арналған.

Осындай тақырыптарды қамтыған оқулық әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту, ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыруды көздейді.

Соның арқасында оқу сапасын жетілдіріліп, оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптасады, сөз әдебі нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгеріп, сыни ойлауын жетілдіре түседі. Сонымен бірге ой қорытындысын жасауға, алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйренеді.

Осы пәнді оқыта отырып мұғалім қолданылатын түрлі оқыту әдістерін ажыратады. Солардың бірі мұғалім мен оқушы «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім үдерісіне бірдей енеді. Оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушы ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолданып, сабақты дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құрады. Мұнда оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту, ойын әдісі, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру,

тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне ынталандыру әдістері басымдықта болады. Сабақта оқушылардың білімін жүйелі түрде мониторингілеу, оқушыларды зерттеушілік әрекетке негізделген белсенді оқуға ынталандыру жұмыстары жүргізіледі. «Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуда мұғалім өз ойларын еркін айтуға, өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік беру ұстанымдарын басшылыққа алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану құзыреттілігі оқушылардың сабақта, бос уақыттарында және басқа да қарым-қатынастарында шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік АКТ-ны қолдану дағдылары арқылы қалыптасады. 2 сынып «Әдебиеттік оқу» пәніндегі оқылған дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларға көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу, шығарманың тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау, шығарманың негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу жатады. Онан басқа да ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау; интернет ресурстарымен жұмыс жасау, яғни тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындауға болады. Ал, оқушылардың жазылым дағдысын дамытуға оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жазу; оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу, әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жазу; белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау; әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау, т.б. тапсырмаларды орындатқан жөн.

Осылайша, сабақты меңгеру нәтижелері критериалды бағалау арқылы жүзеге асырылады. Ол қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіліп, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау болса, белгілі оқу мерзімінде оқу блогін оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады. Сонымен, 2-сыныптағы базалық білім мазмұнында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті

үлгілері қамтылған. Ауыз әдебиетінен балаларға арналған санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт-түлік жырлары, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар берілген. Жазба әдебиеті үлгілерінен жоғарыда айтып өткендей, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, т.б. ақын-жазушылардың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері берілген.

Сонымен қатар әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің әңгіме, мысал, ертегілері қамтылған. Осы шығармалардың барлығы мәтін болып табылады. Осыған орай, сабақта тиісінше мәтінмен жұмыс жасалады. Онда шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру, мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне сүйеніп, оқиғаның соңын болжау, өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу секілді жұмыстар орындалады.

Оқушы өздігімен шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды, мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтайды. Осының барлығы мәтінмен жұмыс болып табылады. Мәтін кейіпкерлерін атау, олардың сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалауды оқушы мұғалім көмегімен немесе өз бетімен анықтайды.

Қорыта келе, 2 сынып «Әдебиеттік оқу» пәнін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешуде, әсіресе, оқушыларды еркін сөйлеуге, шығармашылық жазу тілін дамытуға, ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, ақпараттық технологияларды меңгере білетін, бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыда ойлай білетін болашақ қоғам мүшелерін даярлауда маңызды рол атқарады.

Әдебиеттер:

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша үлігілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). - Астана, 2012.

2. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық / Б.Т. Қабатай. – Алматы: Атамұра, 2017.